

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен
(оқыту қазақ тілінде емес)

тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы

9-сынып

Нұр-Сұлтан, 2019

МАЗМҰНЫ

1. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты.....	3
2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар	3
3. Күтілетін нәтижелер	3
4. Ойлау дағдыларының деңгейі.....	4
5. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі.....	5
6. Модерация және балл қою	5
1-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	6
2-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	15
3-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	24
4-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ.....	33

1. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу жоспарындағы тоқсан ішінде меңгеруге тиісті оқу мақсаттарына жету деңгейін тексереді.

2. Тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес).

3. Күтілетін нәтижелер

1) тыңдалым:

білім алушы мәтіннің негізгі мазмұнын, сондай-ақ сөйлеушінің ниетін білдіретін функционалдық маңызды мағыналы ақпаратты түсінеді; мәтіннен арнайы ақпаратты алады; терминдердің мәнін және әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-танымдық аялары бойынша мәтіннің негізгі бөліктерін түсінеді; фактілер мен пікірлерді ажырата отырып, мәтіннің мазмұнын бағалайды; әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндердің негізгі проблемаларын айқындайды; мәтінде айтылған деректер мен құбылыстар, оқиғалар арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды аша отырып, мәтінді талдайды; негізгі сөздер бойынша айтылған ойдың мазмұнын болжайды;

2) айтылым:

талқылау, өзінің пікірін білдіру және оқиғаларды, пікірлер мен проблемаларды бағалау арқылы білім алушы оқылған тақырыптар аясындағы диалогті қолдайды; назарды өзіне қарату тәсілдерін пайдаланып және мақсатты аудиторияны есепке ала отырып монолог құрады, ұсынылған тақырып бойынша ақпаратты талдайды және жинақтайды; белгілі бір тақырып бойынша айтылған ойды бағалайды; сөйлеу нормаларын сақтай отырып, тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарын пайдаланады;

3) оқылым:

білім алушы оқылған тақырыптар аясында белгілі бір күрделі тұтас және аралас мәтіндердің мазмұнын түсінеді; әртүрлі типтегі, стиль мен жанрдағы мәтіндердің ерекшеліктерін анықтайды; өзектілігін, шынайылығын, пайдалылығын және құндылығын анықтай отырып, әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алады; негіздемелі қорытынды шығара және оқығанына сыни тұрғыдан баға бере отырып, мәтіннің мазмұнын талдайды және жинақтайды; көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемасын, автордың көзқарасын анықтай отырып мәтінді салыстырады, белгіленген оқу стратегияларын пайдаланады;

4) жазылым:

білім алушы әртүрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, естігені және оқығаны негізінде әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазады; әртүрлі деректерден ақпарат алу арқылы проблемалық сипаттағы мәтіндерді жазады; тұтас мәтіндердің негізінде сызбаларды, кестелерді, диаграммаларды жасайды; әртүрлі типтегі, стильдегі мәтіндердің мазмұнын салыстырады, талдайды және бағалайды; орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтайды; троптар мен тілдің көркемдегіш-бейнелеуіш құралдарын пайдаланады.

4. Ойлау дағдыларының деңгейі

Дағдылар тобы	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырмалар сипаттамасы	Сұрақтар түрі
Тыңдалым	Білу және түсіну Қолдану Жоғары деңгей дағдылары	<ul style="list-style-type: none"> - мәтіннің негізгі мазмұнын, маңызды ақпаратты түсінеді; - терминдерді, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени мәтіннің негізгі бөліктерін түсінеді; - мәтіннің мазмұнын бағалайды; - әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндердің негізгі проблемаларын айқындайды; - мәтінде айтылған деректер мен құбылыстар, оқиғалар арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды анықтайды; - иллюстрациялар/ негізгі сөздер/ тақырыбы/ басталуы бойынша айтылған ойдың мазмұнын болжайды. 	Таңдауды және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар
Оқылым		<ul style="list-style-type: none"> - тақырыптар бойынша мәтіндердің мазмұнын түсінеді; - әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алады; - мәтінге сыни тұрғыдан баға береді; - мәтіннің мазмұнын талдайды және жинақтайды; - шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемасын, автордың көзқарасын салыстырады; - оқу стратегияларын пайдаланады. 	Оқылым негізінде таңдауды, қысқа жауапты, толық жауапты қажет ететін сұрақтар
Жазылым және тілдік бағдар		<ul style="list-style-type: none"> - тілдік құралдарды пайдаланады; - әртүрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазады; - ақпараттар арқылы проблемалық сипаттағы мәтіндер жазады; - әртүрлі типтегі, стильдегі мәтіндердің мазмұнын салыстырады, талдайды және бағалайды; - орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтайды. 	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар
Айтылым		<ul style="list-style-type: none"> - талқылайды, өзінің пікірін білдіреді; - тақырыптар аясында диалогке қатысады; - тақырып бойынша ақпаратты талдайды және жинақтайды; - айтылған ойды бағалайды; - сөйлеу нормаларын сақтайды, тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарын пайдаланады. 	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар

5. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін, білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет. Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін, білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/ қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін, жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

1-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 10 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 3 минут беріледі).

Балл саны – 30 балл

Тапсырмалар түрлері:

КТБ – көп таңдауды қажет ететін сұрақтар

ҚЖ – қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

ТЖ – толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орын дау уақыты, мин	Балл
1	9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау.	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 200-250 сөзден тұратын мәтінді 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында мазмұнды түсінуге бағытталған бірінші, екінші және үшінші тапсырмаларда төрт нұсқаның ішінен бір дұрыс жауапты белгілейді. Төртінші, бесінші тапсырмаларда шын, жалған тұжырымдарды анықтайды. Мұғалім оқушының мәтін мазмұнын түсінгенін бағалайды.	Көп таңдауы бар сұрақтар	2	1
2				2	1
3				2	1
4				2	1
5	9.3.2.1 ғылыми стильде (мақала) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 250-300 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Бірінші және екінші сұрақта мәтіннің стилі мен жанрын анықтап, ерекшеліктерін талдайды. Ал үшінші және	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	2	2
6				2	1
7				3	1
8				3	1
9					
10					

	жасау; 9.3.6.1 мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру.	төртінші сұрақтарда қарамен берілген сөздердің қолданылу себептерін, мақал-мәтелдердің қолданылу мақсатын талдайды. Бесінші сұрақта мәтіндегі жағдайды қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, баға береді.			
11 12	9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу; 9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала жазу; 9.4.3.1 жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу; 9.5.1.1 өздік, өзгелік етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген екі сұрақтың бірін (эссе немесе шағын мақала) таңдап, жазба жұмысын орындайды. Мұғалім оқушының жазба жұмысын бағалау барысында афоризмдерді тиімді қолдануын, өздік, өзгелік етістері орынды қолдануын ескереді.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20	10
13	9.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау; 9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға	Тапсырма жұпта орындалады. Екі оқушыға бөлімдерге қатысты ортақ тақырып беріледі (тақырып жазылған қағаздар теріс қаратылады). Жұптағы оқушылар берілген тақырып бойынша 6 минут диалогке түседі (әр оқушы диалогте 8-11 сөйлем айтуы керек). Мұғалім оқушының берілген тақырыпты түсініп, соған қатысты	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Айтылы м сабақтан тыс тексеріледі, әр білім алушыға 3 минут беріледі.	10

	байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу.	жұбына сұрақтар қоюын, сұрақтарға лайық жауап беруін бағалайды. Екі оқушының балы бір-біріне тәуелді емес.			
Барлығы				40	30

«Қазақ тілі мен әдебиеті Т2» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым Транскрипт

«Күлтегін» жыры жер мен көктің, адам баласының жаралуы туралы философиялық толғаудан басталады. Бұдан кейін бүкіл адамзат баласына Білге қаған мен Күлтегін батырдың ата-бабалары билік жүргізгені, түгел түркінің басын қосып, қуатты мемлекет орнатқан Бумын қаған мен Істемі қаған мадақталады. Күлтегін батыр көп әскер жиып, түркі елін жаудан азат етуге кіріскені зор сүйіспеншілікпен суреттеледі. Түркі әскерінің оғыз, соғды, түргештерге, т.б. қарсы жүргізген шайқастары, ал Күлтегін батырдың шайқас алдындағы жекпе-жекке шығып, жауды ұдайы жеңіп отырғаны зор шеберлікпен бейнеленген.

Жырдың авторы Күлтегін мінген аттың сипатын, ат әбзелдерінің әдемілігін, батыр қаруының сұсты көрінетінін ұтымды теңеулер арқылы көрсете білген. Жырда Күлтегін түркі елінің «төрт бұрышындағы» барлық жауды жеңіп, елде тыныштық, бейбіт өмір орнатады. Ақын Күлтегіннің ерлігі туралы: «Бастыны еңкейтті, Тізеліні бүктірді», – дейді. Солай жырда Күлтегін батырдың күллі түркі халқын тәуелсіз еткені әрі оны байлыққа кенелткені «Жалаңаш халықты тонды, Кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым. Тату елге жақсылық қылдым», – деп зор мақтаныш сезіммен баяндалады: «Күлтегін» жырының басты идеясы түркі халқын ауызбірлікке, сыртқы жауға қарсы ұйымдасқан күреске, ежелгі ата-баба жолы мен салт-дәстүрін берік ұстауға үндеу болып табылады. Жыр соңында Күлтегін батыр қайтыс болғанда бүкіл түркі халқы қатты қайғырып, аза тұтқаны, оны жоқтап, жерлеу салтанатына әлемнің төрт бұрышынан көптеген атақты адамдар – елшілер, батырлар, бектер, тас қашайтын шеберлер, т.б. келгені айтылады.

«Күлтегін» жыры – елдің ішкі бірлігін жыр еткен, идеялық мазмұны терең, көркемдік дәрежесі биік поэзиялық туынды. 2001 жылы 18 мамырда Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетіне Күлтегін жазба ескерткішінің көшірмесі қойылды.

1. Осы жыр қандай философиялық толғаудан бастау алады?

- A. батырлар өмірін көпке жария етуінен
- B. атақты адамдардың өмірін дәріптеуінен
- C. аспан мен жердің, адамзаттың жаралуынан
- D. түркі халықтарының өмірін насихаттауынан

[1]

2. Қуатты мемлекет орнатып, түгел түркінің басын қосқан кім?

- A. Білге
- B. Бумын
- C. Күлтегін
- D. Темір

[1]

3. Күлтегінді жоқтауға кімдер келген?

- A. хандар, уәзірлер
- B. сұлтандар, хандар
- C. елшілер, батырлар
- D. билеушілер, тайпалар

[1]

4-5. Перифразбен берілген сөйлемдердің ішінен мазмұнға сай 2 ақпараттарды анықтаңыз. Сәйкес тұжырым тұсына «+»/«-» белгісін қойыңыз.

[2]

Тұжырымды сөйлемдер		«+»/«-»
А	«Күлтегін» жыры поэзиялық шығармаға жатады.	
В	Жырдың идеясы – Күлтегін өмірімен таныстыру.	
С	Ескерткіш көшірмесі Астана қаласында орнатылған.	

Оқылым

Жолаушы – белгілі бір мақсатпен жол жүруші, сапар шегуші адам. Қазақ халқының дәстүрлі ұғымында «жолаушы өз үйінен қырық қадам ұзап шыққан соң **мүсәпір**» делінеді. «Мүсәпір» араб тілінде жолаушы деген ұғымды білдіреді.

Сайын далада жолаушыға жолыққан адам оған **жол көрсетіп, жөн сілтеп**, ел мен жердің жайынан хабар беруге міндетті. «Жолаушы азығы жолда» деп білген жолаушы ешқашан жол сапарға мол азық, ауыр зат алып шықпаған. Жолаушы ауылға қонуға келсе, баса-көктеп кірмей, алдымен алыстан дауыстап, рұқсат сұраған. Жолаушы даладан қос көрсе де, міндетті түрде бұрылып, онда адам болсын-болмасын дәм татқан. Қаралы ауылға да түсіп, аттануы тиіс болған.

«Қырықтың бірі – Қыдыр» деп санаған қазақтар үйіне келген бейтаныс жолаушыға ықылас, құрмет танытып, қонақ етіп күтсе, байлық пен ырыздық келеді. Ал жолаушыны сыйламаса, несіп-ырыздығына кесірі тиеді деп сенген. Жолаушы келген ауылына түстеніп, ат-көлігін суытып, тынығып аттанған. Көшпелілер қоғамында жолаушы кең даладағы оқиғалар туралы хабарды жедел жеткізуші, ақпаратты алмастырушы міндетін атқарған. Жолаушыны әдейі ауылына бұрып әкеліп, алыс-жақынның жаңалығын тыңдап аттандыратындар да болған. Жолаушыға қиын-қыстау жағдайда қол ұшын берген жан кейін кимас жолдас, дос-жаранға айналған. Қазақ халқы жолаушыны аса құрметтеген. Жолаушы жүрген адам кездесе, оны үйіне әкеп, шай беріп, ат-көлігін жайлап, көмектесіп отырған. Жолаушыдан бата алатын болған. Көшпенді өмір кешкен бабаларымыз жол жүрудің жайын жақсы білген. Ағайын-туыспен араласу үшін немесе жоғалған нәрсесін іздеу үшін, жолға көп шығатын болған. Ата-бабаларымыз табиғатпен етене жақын болып, жолға шыққан жолаушылар жол бағдарын жұлдызға қарап болжап, адаспаған.

Қазіргі кезде жолаушы ұғымы экономикалық категория ретінде қолданылады. Халқымызда жолаушыға қатысты көптеген мақал-мәтелдер бар. Мысалы, «Жолы болар жігіттің желі оңынан соғады» десе, «Жалғыз жүрсең, жолмен жүр, жолдан жолдас қосылар. Жолдан жолдас қосылса, жолың болмас несі бар» деп жақсы жолдастың қасиетін айтқан. «Жолаушыны жол сынайды» деген мақал арқылы сапар ауыртпалығын білдірген.

6-7. Мәтіннің стилі мен жанрын анықтап, себебін дәлелдеңіз.

[2]

8. Қарамен жазылған сөздер мәтінде не үшін қолданылған?

[1]

9. Мәтіндегі мақал-мәтелдерді автор қандай мақсатта қолданған?

[1]

10. «Қазіргі кезде жолаушы ұғымы экономикалық категория ретінде қолданылады» сөйлемі арқылы қазіргі жолаушыға баға беріңіз.

[1]

Жазылым

Берілген екі сұрақтың қайсысына жауап беретініңізді көрсетіңіз. Тиісті шаршыға қанат белгісін (✓) қойыңыз.

1

2

А. Қазақ жазуының даму жолы

Қалалық байқауға қатысқалы жатырсыз делік. «Елбасы 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшетініміз туралы Жарлыққа қол қойды. Сіз бұл шешіммен келісесіз бе?» тақырыбында эссе жазыңыз. Афоризмдерді орынды қолданыңыз.

В. Көшпенділер мәдениеті

І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын оқығаннан кейін, мектеп журналына «Ұлы дала – көшпенділер әлемі» тақырыбында мақала жазуға шешім қабылдадыңыз. Афоризмдерді орынды қолдана отырып, шағын мақала жазыңыз.

[10]

Айтылым

Бір тақырыпқа таңдау жасап, сол тақырып бойынша жұбыңызбен диалогке түсіңіз (8-11 сөйлем). Диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикетін ескеріңіз.

[10]

Ұсынылатын тақырыптар:

1. Қазақ жазуының қалыптасуы және даму тарихы туралы сөйлесіңіз.
2. Көшпенділер мәдениетін көз алдыңызға елестетіп, әңгімелеңіз.
3. Бұрынғы кездегі жолаушы мен қазіргі кездегі жолаушының айырмашылығы қандай?
4. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан ұнаған эпизод қандай?
5. Латын графикасына көшудің қандай басым тұстары бар?

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
1	С	1	5
2	В	1	
3	С	1	
4	А	1	
5	С	1	

Оқылым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
6-7	Стилі – ғылыми-көпшілік, себебі дәлелді, зерттелген, сөздері тура мағынада қолданылады. Жанры – ғылыми мақала, оның себебі бір ғана нақты ойды дамыта түсуінде жатыр (Оқушы жауабында басқа да ерекшеліктер ескеріледі).	2	5
8	«Мүсәпір» араб тілінен енген кірме сөзі «жолаушы» сөзіне кеңірек анықтама беру үшін; «жол көрсетіп, жөн сілтеп» синонимдері тақырыпты толығырақ ашу үшін қолданылады (Оқушы жауабындағы басқа да қолдану ерекшеліктері ескеріледі).	1	
9	Автор мақал-мәтелдерді ойды оқырманға әсерлі жеткізу үшін, ойын аргументтеу үшін қолданған (Оқушы жауабындағы басқа да қолдану ерекшеліктері ескеріледі).	1	
10	<i>Ықтимал жауап:</i> Себебі «жолаушы» ұғымы еліміздің саяси-экономикалық салаларында ресми түрде бектіліген термин ретінде қабылданады. Сондай-ақ еліміз тәуелсіздік алып, туризмге баса назар аударылғаннан бастап, елімізден шығатын немесе кіретін жолаушылар мемлекет экономикасына айтарлықтай табыс әкеледі. Білім алушының осы тұрғыдағы жауаптары қабылданады.	1	

Жазылым

Балл	Мазмұны мен дұрыс жазылуы (5 балл)	Тілі (5 балл)
5	<p>Өте жақсы Жауап толық, нақты негізделген және өте жақсы суреттелген, қарапайым және күрделі идеяларды тиімді ашады. Жазба жұмысының құрылымы мен жазылуы жоғары деңгейде, негізгі және қорытынды бөлімдері нақты жазылған, келтірілген аргументтері байланысқан және мазмұнын ашады.</p>	<p>Өте жақсы Сабақтас құрмалас сөйлемдерді дұрыс және сәйкес келтіріп жазған, сөздік қоры мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Нақты және жүйелі, елеусіз қателері бар.</p>
4	<p>Жақсы Көптеген түрлі мысалдар мен сілтемелерді қолданған жауап, қарапайым және кейбір күрделі идеяларды ашады. Жазба жұмысының логикалық дамуы жақсы, аргументтерді қолдануы мен қорытынды жасау қабілеті көрінеді.</p>	<p>Жақсы Грамматикалық формаларды көбіне сәйкесінше жақсы қолданады. Түрлі лексикалық минимумды қолдануға тырысады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Жалпы нақты, елеусіз қателері ақпарат беруге кедергі келтірмейді.</p>
3	<p>Қанағаттанарлық Жауапта бірнеше мысалдар келтірілген, бірақ барлық жағдайда негізді емес, қарапайым идеяларды ашқанымен, суреттеуі аз. Жазба жұмысы дұрыс жазылған, бірақ кей кезде аргументтері логикалық жағынан дамытылмаған.</p>	<p>Қанағаттанарлық Қарапайым грамматикалық формалар мен күнделікті лексикалық минимумды қолданады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы көп жағдайда дұрыс. Көбіне нақты, қателері бар, бірақ ақпарат беруге кедергі келтірмейді.</p>
2	<p>Төмен Негізгі тақырыпты ашуға тырысады, бірақ көптеген қателер мен сәйкессіздіктер бар, тек қарапайым идеяларды ашады. Жазба жұмысының құрылымы шектеулі, аргументтері дамымаған.</p>	<p>Төмен Сөздік қоры шектеулі, жай сөйлемдерді қолданады, қайталаулар көп, сөздік қоры мен стильдік қолданысы жеткіліксіз. Орфография мен негізгі грамматикалық формалар қате қолданылған, мағынасы кейде түсініксіз.</p>
1	<p>Өте төмен Жауап түсініксіз, тақырыпқа байланысты сілтемелер аз, сұраққа жауап бермейді. Жазба жұмысының құрылымы сақталмаған және аргументтерді қолдануы төмен деңгейде, идеялары жүйесіз.</p>	<p>Өте төмен Тек қарапайым сөйлемдер мен шектеулі сөздік қорды қолданады, көп құрылымдары аяқталмаған және қате. Көптеген қателіктер кетірген, түсінуге қиындық келтіреді.</p>
0	Жауап жоқ.	Жауап жоқ.

Айтылым

Балл	Негізгі ойды ашуы (5 балл)	Сөз қолданысы (5 балл)
5	Күрделі идеялар мен тұжырымдамаларды өте жақсы түсіндіреді және ашады. Өз көзқарасын жүйелі және нақты дәлелдермен көрсетеді. Қажетті ақпаратқа дұрыс талдау жасайды және бағалайды.	Жауабы нақты және орынды. Кездейсоқ немесе кішігірім қателер кездеседі. Кішігірім қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
4	Күрделі идеялар мен тұжырымдамаларды нақты тауып ашады және түсіндіреді. Өз көзқарасын көбіне жақсы дәлелдермен келтіреді. Қажетті ақпаратты жалпы алғанда талдайды және бағалайды.	Жауабы көбіне нақты, тіл қолданысында кездейсоқ қателіктер кетіреді. Қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
3	Қарапайым идеяларды ашады және түсіндіреді. Өз көзқарасын дәлелдеуге негіз шамалы. Қажетті ақпаратты талдау мен бағалауы қанағатсыз.	Жауабы нақты, тіл қолданысында қателер кетіреді. Жалпы қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
2	Қарапайым ойларды түсіндіреді, негізгі ойды ашуы шектеулі. Өз көзқарасын бірнеше дәлелмен немесе дәлелсіз жеткізеді. Қажетті ақпаратты талдауға және бағалауға тырысады, бірақ көбіне сәтсіз.	Қарапайым сөз қолданысында анық қателіктер кетіреді. Қателіктер түсінуге біршама кедергі келтіреді.
1	Өте аз ой жеткізеді, түсініксіз немесе негізгі ойлар ашылмаған. Тек негізгі ақпаратты береді. Көбіне ақпарат қажетсіз.	Жиі қате кетіреді. Қателер түсінуге кедергі келтіреді.
0	Идеясын, ойын жеткізе алмайды.	Сөз қолданысы сәйкес емес.

2-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

2-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 10 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 3 минут беріледі).

Балл саны – 40 балл

Тапсырмалар түрлері:

КТБ – көп таңдауды қажет ететін сұрақтар

ҚЖ – қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

ТЖ – толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орындау уақыты, мин	Балл
1	9.1.5.1 мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау;	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 200-250 сөзден тұратын поэзиялық шығарманы 2 рет тыңдайды.	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	2 2 2 2	1 1 1 1
2	9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау.	Оқушы бірінші, екінші, үшінші сұрақтарда мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтайды. Төртінші сұрақта ақпараттардың ішінен екі дұрыс мәліметті анықтайды.	Көпнұсқалы сұрақ	2	1
3					
4					
5					

6	9.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен алынған	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар	Көп таңдауы бар сұрақтар	1	1
7	мәліметтерден	тақырыпқа қатысты 250-	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	3	1
8	қорытынды жасау, өз	300 сөзден тұратын		4	2
9	көзқарасын білдіру;	прозалық шығармадан		2	1
	9.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау.	үзінді оқиды. Бірінші сұрақта үзіндіде көтерілген мәселені анықтайды. Екінші сұрақта оқушы мәселеге қатысты көзқарасын білдіреді. Үшінші сұрақта оқушы үзіндіден өзіне әсер еткен тұсын жазып, себебін түсіндіреді. Төртінші сұрақта үзінді бойынша қорытынды жазады.			
10	9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, аннотация жазу; 9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шолу жазу; 9.5.1.2 мезгіл, мекен үстеулерін ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану; 9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу; 9.4.5.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу.	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген үш сұрақтың (аргументативті эссе, шолу, аннотация) бірін таңдап, жазба жұмысын орындайды. Мұғалім оқушының жазба жұмысында стильдік, жанрлық ерекшеліктерді сақтауын, сөйлем соңындағы тыныс белгілерді орынды қолдануын бағалайды. Бағалауда оқушының мезгіл, мекен үстеулерін орынды қолдануы; тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазуы ескеріледі.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20	10

11	<p>9.2.3.1 коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу;</p> <p>9.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау;</p> <p>9.2.5.1 сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу.</p>	<p>Тапсырма жұпта орындалады. Екі оқушыға бөлімдерге қатысты ортақ тақырып беріледі (тақырып жазылған қағаздар теріс қаратылады). Жұптағы оқушылар берілген тақырып бойынша 6 минут диалогке түседі (әр оқушы диалогте 8-11 сөйлем айтуы керек).</p> <p>Мұғалім оқушының берілген тақырыпты түсініп, соған қатысты жұбына сұрақтар қоюын, сұрақтарға лайық жауап беруін бағалайды. Екі оқушының балы бір-біріне тәуелді емес.</p>	<p>Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар</p>	<p>Айтылым сабақтаңтыс тексеріледі, әрбілім алушыға 3 минут беріледі.</p>	10
Барлығы				40	30

**«Қазақ тілі мен әдебиеті Т2» пәнінен 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау
тапсырмалары**

**Тыңдалым
Транскрипт**

Айбатыр Сейтақтың «Азат елдің ар-намысы – Ата Заң» өлеңін мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз.

Азат елдің ар-намысы – Ата Заң,
Еліне арналатын тілегі шын,
Ей, ұлым – Отанымның түлегісің!
Іргесін туған елдің тіреп тұрған.
Қадірін Ата Заңның білемісің?!
Ешкім де мін таға алмас елдігіме!
Дауласып жармаспайды белдігіме.
Бойында Ата Заңның өріліп тұр.
Даламның кеңдігі де, теңдігі де!
Бағынған өз заңына жұмыр ғалам,
Сондықтан Күннен Жерім суынбаған.
Қоғамның сан саласын реттейтін,
Әрбір заң Ата Заңнан туындаған.
Бастайтын болашаққа бақ кемені,
Осы жол – халықтың да нақ сенері!
«Халқыма адалмын!» деп Ата Заңға
Елбасы қолын қойып Ант береді.
Болғанмен бұл Өмірде айлаң күшті,
Ел үшін кім тындырар қайран істі?!

Еліңнің дамуы мен дағдарысы
Ол дағы Ата Заңға байланысты!
Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына,
Тікелей әсер еткен ғұмырына.
Айналды Ата Заңым мызғымайтын
Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына!
Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
Шектеу де және тегін қойылмайды!
Келісімшарт жасасқан барлық шет ел
Қазақтың Ата Заңын мойындайды!
Өмірден әділдік пен бақ табатын,
Құқығым қорғалды деп шаттанатын,
Өзіңдей жас өркендер келеді өсіп
«Бұл біздің – Ата Заң» деп мақтанатын!
Өркендеп өз қолына алған ісі,
Биікке қазағымның самға, құсы!
Халық боп қадір тұтып, қастерлеген
Ата Заң – Азат елдің Ар-намысы!

1. Өлең кімдерге арналған (мақсатты аудиториясы)? Себебін көрсетіңіз.

[1]

2. Қайсысы мәтіннің негізгі идеясына жатпайды?

- A. Ата Заңды құрметтеуге шақыру
- B. Ата Заңның келешегіне сендіру
- C. Ата Заңның артықшылығын жеткізу
- D. Ата Заңды шетелдіктерге мойындату

[1]

3. Автор көзқарасы қай қатарда көрініс табады?

- A Әрбір заң Ата Заңнан туындаған.
- B Елбасы қолын қойып Ант береді.
- C Келісімшарт жасасқан барлық шет ел
- D Биікке қазағымның самға, құсы!

[1]

4-5. Перифраздалған сөйлемдерден мәтінде айтылған 2 дұрыс мәліметті анықтаңыз. [√]
белгісін қойыңыз.

- A Елдігімізге ешкім де мін таға алмайды. []
- B Ата Заңның бойында даланың кеңдігі де, теңдігі де көрініс табады. []
- C Елдің дамуы мен дағдарысы Ата Заңға әсер етеді. []
- D Ата Заңның әр бабы, әр тармағы ойластырылып жасалған. []

Оқылым
Бала мен компьютер

Әділеттің қуанышында шек жоқ! Енді ше?! Айт мейрамында оған су жаңа компьютер сыйлыққа берілді!

Кеше ғана Рамазан айы аяқталып еді, әкесі үйге бірнеше қорапты көтеріп кірді. Бірінде – монитор, екіншісінде – процессор, басқаларында – пернетақта, тышқан, жалғайтын сымдар...

Қораптарды ашқанша тым кеш болып кетті. Әкесі:

–Ертең кешке дейін шұғыл істерім бар, үйде болмаймын. Сен бұларға тиіспе. Кешкісін екеуміз бірге қосамыз, – деді.

Танертең төсектен қарғып тұрған Әділет көз іле алмады. Ұйқыға киетін киімін шешпестен, компьютердің жанына жүгіріп келді. Көптен күткен арманы көз алдында тұрғанда кешке дейін шыдай алсын ба? Ол компьютер алдындағы орындыққа отырды да, қолының батырманы қалай басқанын байқамай қалды. Өйткені компьютер қосуды білетін. Сыныптасы Жарастың үйіне бірнеше рет барып, компьютер ойындарын ойнаған. «Әкем болмаса да қоса аламын ғой! Қалай жұмыс істеуді білемін. Артық нәрсеге тиіспеймін. Тек өзіме таныс ойындарды ғана қосамын!» деп ойлады.

Компьютер де тез қосыла қалды. Сүйікті ойынын да оңай тапты. Бірден сол әлемге еніп кетті.

–Әділет! – деген анасының даусын естіп, селк ете қалды да, атып шықты.

–Сен неге әлі киімнді ауыстырмағансың? Тісіңді де жумағансың, шашың да таралмаған. Жүр, таңғы ас ішейік. Бүгін қонаққа баратынымызды ұмыттың ба?

Әділет бәрін ұмытқан. Қонақты да, таңғы ас, тіс щеткасы, тарақ – бәрін де. Ол ойынды ғана ойлап тұр.

–Анашым, менің қонаққа барғым келмейді. Үйде қалсам бола ма?

–Үйде қалу? Неге? Кеше қатты барғың келіп еді ғой. Бармасаң, Әлия әпкең ренжиді. Оған үй шаруаларына, бақша жұмыстарына көмектесіп, жігіт болып қалып едің...

–Келесі жолы барамын деп уәде беремін. Ал бүгін үйде боламын. Мен үшін алаңдама, жасым он екіде, үлкен жігіт болдым ғой...

6. Мәтінде көтерілген мәселе қандай?

- A. баланы шектен тыс еркелету
- B. баланың ата-ананы тыңдамауы
- C. баланың ойынға қатты қызығуы
- D. баланың уақытынан ерте ержетуі

[1]

7. Сіздің бұл мәселе бойынша көзқарасыңыз қандай?

[1]

8. Кестені толтырыңыз.

Үзіндінің қай тұсы әсер етті?	Here?

[2]

9. Үзіндіні оқығаннан кейін қандай қорытындыға келуге болады?

[1]

Жазылым

Берілген үш сұрақтың бірін таңдап, тиісті шаршыға қанат белгісін (✓) қойыңыз.

1

2

3

[10]

1. Заң – қоғамның тірегі

Құқық сабағында мұғалім «Мемлекеттік заңды білу – сол елдің әрбір азаматының міндеті. Алайда заңды толық білмей өмір сүру мүмкін бе?» деген тақырыпта эссе жазуды тапсырды. Берілген сұрақ бойынша аргументативті эссе жазыңыз. Эссеңізде тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазыңыз.

2. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні – Тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы

Тұңғыш Президент апталығы аясында мектебіңізде көптеген іс-шара өткізілді делік. Шаралардың өтуі, қатысушылар туралы қысқаша шолу жазыңыз. Шолуыңызда мезгіл, мекен үстеулерін қолданыңыз.

3. Жастар және бұқаралық ақпарат құралдары

Мектеп сайтынан қызықты мақала оқыдыңыз. Сол мақала негізінде аннотация жазыңыз.

Айтылым

Бір тақырыпқа таңдау жасап, сол тақырып бойынша монолог дайындаңыз (9-12 сөйлем). Тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрап айтыңыз.

[10]

Ұсынылатын тақырыптар:

1. Заң қоғамға не үшін қажет?
2. Еліміз үшін Конституцияның маңызы қандай?
3. Тұңғыш Президентімізге қатысты шағын сауалнамаға жауап беріңіз.



1. Мінездеме беріңіз.
2. Жеке қасиеттерін айтып өтіңіз.
3. Өмірдегі жетістіктеріне тоқталыңыз.
4. Сіз Н.Назарбаевтан қандай үлгі алар едіңіз?

4. Қазіргі БАҚ жастардың тәрбиесіне қалай әсер етеді (оң/теріс)?

5. Қазақстандығы БАҚ-тың сапасын қалай бағалар едің?

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
1	Аудиториясы – оқушылар, қазақстандықтар, себебі Ата Заң баршаға ортақ.	1	5
2	D	1	
3	A	1	
4-5	A, B	2	

Оқылым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
1	C	1	5
2	Технологияның адамның ой-санасын сиқырлап, улап, өзіне тәуелді етуі – бүгінгі күннің үлкен мәселесі	1	
3	Оқушының үзіндіден өзіне әсер еткен тұсын жазуы, себебін түсіндіруі бағаланады.	2	
4	Балалардың ерте жастан компьютерге әуестігін қадағалау, яғни компьютер алдында өткізетін уақыт мөлшерін шектеу.	1	

Жазылым

Балл	Мазмұны мен дұрыс жазылуы (5 балл)	Тілі (5 балл)
5	Өте жақсы Жауап толық, нақты негізделген және өте жақсы суреттелген, қарапайым және күрделі идеяларды тиімді ашады. Жазба жұмысының құрылымы мен жазылуы жоғары деңгейде, негізгі және қорытынды бөлімдері нақты жазылған, келтірілген аргументтері байланысқан және мазмұнын ашады.	Өте жақсы Сабақтас құрмалас сөйлемдерді дұрыс және сәйкес келтіріп жазған, сөздік қоры мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Нақты және жүйелі, елеусіз қателері бар.
4	Жақсы Көптеген түрлі мысалдар мен сілтемелерді қолданған жауап, қарапайым және кейбір күрделі идеяларды ашады. Жазба жұмысының логикалық дамуы жақсы, аргументтерді қолдануы мен қорытынды жасау қабілеті көрінеді.	Жақсы Грамматикалық формаларды көбіне сәйкесінше жақсы қолданады. Түрлі лексикалық минимумды қолдануға тырысады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Жалпы нақты, елеусіз қателері ақпарат беруге кедергі келтірмейді.
3	Қанағаттанарлық Жауапта бірнеше мысалдар	Қанағаттанарлық Қарапайым грамматикалық формалар мен

	келтірілген, бірақ барлық жағдайда негізді емес, қарапайым идеяларды ашқанымен, суреттеуі аз. Жазба жұмысы дұрыс жазылған, бірақ кей кезде аргументтері логикалық жағынан дамытылмаған.	күнделікті лексикалық минимумды қолданады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы көп жағдайда дұрыс. Көбіне нақты, қателері бар, бірақ ақпарат беруге кедергі келтірмейді.
2	Төмен Негізгі тақырыпты ашуға тырысады, бірақ көптеген қателер мен сәйкессіздіктер бар, тек қарапайым идеяларды ашады. Жазба жұмысының құрылымы шектеулі, аргументтері дамымаған.	Төмен Сөздік қоры шектеулі, жай сөйлемдерді қолданады, қайталаулар көп, сөздік қоры мен стильдік қолданысы жеткіліксіз. Орфография мен негізгі грамматикалық формалар қате қолданылған, мағынасы кейде түсініксіз.
1	Өте төмен Жауап түсініксіз, тақырыпқа байланысты сілтемелер аз, сұраққа жауап бермейді. Жазба жұмысының құрылымы сақталмаған және аргументтерді қолдануы төмен деңгейде, идеялары жүйесіз.	Өте төмен Тек қарапайым сөйлемдер мен шектеулі сөздік қорды қолданады, көп құрылымдары аяқталмаған және қате. Көптеген қателіктер кетірген, түсінуге қиындық келтіреді.
0	Жауап жоқ.	Жауап жоқ.

Айтылым

Балл	Негізгі ойды ашуы (5 балл)	Сөз қолданысы (5 балл)
5	Күрделі идеялар мен тұжырымдамаларды өте жақсы түсіндіреді және ашады. Өз көзқарасын жүйелі және нақты дәлелдермен көрсетеді. Қажетті ақпаратқа дұрыс талдау жасайды және бағалайды.	Жауабы нақты және орынды. Кездейсоқ немесе кішігірім қателер кездеседі. Кішігірім қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
4	Күрделі идеялар мен тұжырымдамаларды нақты тауып ашады және түсіндіреді. Өз көзқарасын көбіне жақсы дәлелдермен келтіреді. Қажетті ақпаратты жалпы алғанда талдайды және бағалайды.	Жауабы көбіне нақты, тіл қолданысында кездейсоқ қателіктер кетіреді. Қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
3	Қарапайым идеяларды ашады және түсіндіреді. Өз көзқарасын дәлелдеуге негіз шамалы. Қажетті ақпаратты талдау мен бағалауы қанағатсыз.	Жауабы нақты, тіл қолданысында қателер кетіреді. Жалпы қателер түсінуге кедергі келтірмейді.

2	Қарапайым ойларды түсіндіреді, негізгі ойды ашуы шектеулі. Өз көзқарасын бірнеше дәлелмен немесе дәлелсіз жеткізеді. Қажетті ақпаратты талдауға және бағалауға тырысады, бірақ көбіне сәтсіз.	Қарапайым сөз қолданысында анық қателіктер кетіреді. Қателіктер түсінуге біршама кедергі келтіреді.
1	Өте аз ой жеткізеді, түсініксіз немесе негізгі ойлар ашылмаған. Тек негізгі ақпаратты береді. Көбіне ақпарат қажетсіз.	Жиі қате кетіреді. Қателер түсінуге кедергі келтіреді.
0	Идеясын, ойын жеткізе алмайды.	Сөз қолданысы сәйкес емес.

3-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

3-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 10 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 3 минут беріледі).

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері:

КТБ – көп таңдауды қажет ететін сұрақтар

ҚЖ – қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

ТЖ – толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орындау уақыты, мин	Балл
1	9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау; 9.1.3.1 әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну; 9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру.	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 200-250 сөзден тұратын мәтінді 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында 1-сұрақта мәселені болжайды; 2-сұрақта тақырыпқа қатысты сөздер мен термин сөздерді (3) мағынасына қарай бос орынға қояды; 3-сұрақта оқушы мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіреді.	Көп таңдауы бар сұрақтар	1	1
2			Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	2	1
3			Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	2	1
			Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	3	1

4	9.3.4.1 мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау.	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 150 сөз шамасындағы екі мәтінді оқиды. Төрт бөлімнен тұратын бір тапсырманы орындайды: оқушы мәтіндердің стилін, жанрын, олардың ерекшеліктерін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра талдайды.	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	2	2
				2	1
				3	1
				3	1
5	9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала жазу; 9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу; 9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шолу жазу; 9.4.5.1 тақырып бойынша сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану; 9.5.1.2 жазба жұмыстарында (шартты, қырсылықты, мезгіл бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру; 9.5.1.3 ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген төрт сұрақтың (мақала, репортаж, эссе, сұхбат) бірін таңдап, жазба жұмысын орындайды. Мұғалім оқушының жазба жұмыстарында стильді сақтауын, қосымшаларды дұрыс жалғауын, сөйлем соңындағы тыныс белгілерді орынды қолдануын бағалайды. Сондай-ақ бағалауда оқушының ыңғайластық, қарсылықты салалас пен қарсылықты, мезгіл, шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдануы ескеріледі.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20	10

6	<p>9.2.5.1 сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу;</p> <p>9.2.4.1 шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау;</p> <p>9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу.</p>	<p>Тапсырма жұпта орындалады. Екі оқушыға бөлімдерге қатысты ортақ тақырып беріледі (тақырып жазылған қағаздар теріс қаратылады). Жұптағы оқушылар берілген тақырып бойынша 6 минут диалогке түседі (әр оқушы диалогте 8-11 сөйлем айтуы керек). Мұғалім оқушының берілген тақырыпты түсініп, соған қатысты жұбына сұрақтар қоюын, сұрақтарға лайық жауап беруін бағалайды. Екі оқушының балы бір-біріне тәуелді емес.</p>	<p>Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар</p>	<p>Айтылым сабақтан тыс тексеріледі, әрбілім алушыға 3 минут беріледі.</p>	10
Барлығы:				40 минут	30 балл

«Қазақ тілі мен әдебиеті Т2» пәнінен 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым

Транскрипт

«Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Көмірсутегі шикізатының нарығында ірі ойыншы бола отырып, біз энергияның баламалы түрлерін өндіруге, Күн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар. 2050 жылға қарай елде энергияның баламалы түрлерінің тең жартысы өндірілуі тиіс», – делінген. Қазіргі кезде Қазақстанда Күн, жел, су энергияларын пайдалану жоғары деңгейде емес. Мамандардың есебі бойынша, елімізде баламалы энергия көздерінен өндірілетін энергия жалпы энергияның 1 пайызы ғана екен. Еліміздің жер қойнауы мұнай мен көмірге, басқа да пайдалы қазбаларға бай болғандықтан, біз энергия тапшылығын көріп отырған жоқпыз. Бірақ жер қойнауындағы қазбаларымызды шексіз деп айтуға болмайды. Оның экологиялық зардаптары – жеке мәселе... **(Ескерту: кідіріс жасалып, оқушы бірінші сұраққа жауап беруі керек).**

Профессор Ә.Жамалов күн энергиясын пайдалануға байланысты зерттеу жұмысына жарты ғасырға жуық өмірін арнады. Ташкент қаласында жұмыс істеп жүргенінде ол баламалы энергия көзін өндіру ісін бастады. Мәскеу қаласының мамандарымен бірігіп, 1000 шаршы метрлік Күн энергетикалық қондырғысын жасады. Осы қондырғымен екі қабатты ғимаратты жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етті. Кейін Алматы қаласына келгеннен кейін де зерттеу жұмысын жалғастырды. Ол Үлкен Алматы каналын салу құрылысы кезінде күн энергиясын пайдаланып, тәулігіне 100-ге жуық адамды ыстық сумен қамтамасыз етті. Өкінішке орай, сол кезде жер қойнауындағы пайдалы қазбалар әлі де жеткілікті болғандықтан, баламалы энергия көздерін пайдалану қажет болмай қалды.

Ал 2013-2015 жылдары ол зерттеу жұмыстарының грантын жеңіп алды, сөйтіп шағын су электр стансасын іске қосты. Аталған қондырғы ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесінде шетелдік мамандар тарапынан өз бағасын алды.

Ол кісі аталған қондырғыны болашақта жел турбинасымен, күн панелімен біріктіріп, әмбебап баламалы энергия көзін жасауды жоспарлап отыр.

1. Мәтіндегі мәселе бойынша ғалымдардың мақсаты қандай болуы мүмкін?

- A. баламалы энергияны күнделікті өмірге енгізу
- B. зауыттарға ауа тазартқыш фильтрлер орнату
- C. қоқыстарды қайта өңдейтін зауыттар салу
- D. балама энергияны зерттеуге грант жариялау

[1]

2. Бос орындарға қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қойыңыз.

A. «Қазақстан – 2050» стратегиясында _____ өндіру мақсаты қойылады.

[1]

B. Жер қойнауымыз _____ бай болғандықтан, біз энергия тапшылығын көріп отырған жоқпыз.

[1]

C. Профессор ғылыми-зерттеу грантын жеңіп, нәтижесінде _____ іске қосты

[1]

3. Сіздің ойыңызша, Стратегияда көрсетілген мақсат 2050 жылға қарай толық жүзеге асады ма? Неге?

Оқылым

А мәтіні – халық жазушысы Ә. Кекілбаевтың Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына байланысты салтанаттағы сөзі;

Ә мәтіні – Қожахметтің «Алаштың асылдары» өлеңінен үзінді.

А мәтіні	Ә мәтіні
Ұстаз ұлағаты	Алаштың асылдары
<p><i>Қадірлі қауым!</i> ...Бір таңданатынымыз: Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы, бұрынғыдай атқа мініп, зеңбірекке қарсы шапқаннан пайда жоғын түсінген тұлғалардың бірі болған. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға. Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану болып көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Иасауи, Қорқыт, Асан қайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті ғой десер. Ол рас. Бірақ Ахмет Байтұрсынұлы оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты халқына адастырмас жол іздеді. Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынұлы ондай жол Қорқыт пен Асан қайғыдай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді...</p>	<p>Әлихан, Мұстафа, Ахмет, Міржақып Орнатпақ болыпты Халқына нұр, бақыт. Күресті атсын деп Елінің ақ таңы. Алаштың айбынды, Асылдай ұлдары! Зиялы, жүректі, Қорғаны тұлғалы. Сын жерде елінің намысын сатпады. Бақытқа жетсін деп Келешек ғасырлар, Елінің ертеңін Ойлады асылдар. Еске алса ұрпағы, Кеудеге өрт толды. Алаштың ұлдары Ақ жолда мерт болды.</p>

4. Берілген кестені толтырыңыз.

А мәтіні	Ә мәтіні	
Стилі, себебі ...		
		[2]
Жанры, себебі ...		
		[1]
Ұқсастығы		
		[1]
Айырмашылығы		
		[1]

Жазылым

Берілген 4 сұрақтың қайсысын таңдайтыныңызды көрсетіп, тиісті шаршыға қанат белгісін (✓) қойыңыз. Жазба жұмыстарында ыңғайлас және қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдерді; шартты, мезгіл, қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолданыңыз.

1

2

3

4

[10]

1. ЭКСПО – 2017 – Қазақстан белесі

2017 жылдың жазында Астана қаласында өткен ЭКСПО көрмесіне барғаныңызды еске түсіріп, көрмеден алған әсеріңіз (не көрдіңіз? не істедіңіз?) туралы газетке шағын мақала жазыңыз.

2. Биотехнологиялық жаңалықтар

Сіз мектеп телестудиясында жас тілшісіз. Мектебіңізде биотехнология саласындағы ғылыми жобалар сайысы өтіп жатыр. Бұл шараға қонақ ретінде NASA жанындағы университетті бітірген жас ғалым қазақстандық Дәмелі Мектепбаева да келді. Іс-шараның өту барысы туралы шағын репортаж мәтінін жазыңыз.

3. Болашақ энергия көздері

Сізге «Болашақтың энергиясы» қалалық эссе байқауына қатысу мүмкіндігі туды. «Қазақстан үшін жел мен Күн энергиясын өндірудің тиімділігі неде?» тақырыбында шағын эссе жазыңыз.

4. Алаш идеясы мен қайраткерлері

Сабақ тақырыбы: Алаш идеясы мен қайраткерлері. Мұғалім сынып оқушыларына мынадай тапсырма ұсынды: Егер сізде бұрынғы кезеңге өтуге мүмкіндік болса, қай Алаш қайраткерімен кездесіп, сұхбаттасар едіңіз? Ол адамды не үшін таңдайсыз? Кейіпкермен шағын сұхбат мәтінін жазыңыз.

Айтылым

Бір тақырыпқа таңдау жасап, сол тақырып бойынша жұбыңызбен диалогке түсіңіз (8-11 сөйлем).

Ұсынылатын тақырыптар:

1. ЭКСПО – 2017 көрмесі қандай деңгейде өтті деп ойлайсыз?
2. Соңғы уақытта қандай биотехнологиялық жаңалықтар туралы білдіңіз?
3. Еліміз болашақ энергия көздерін тиімді пайдалану үшін қандай кедергілерге тап болуда?
4. Алаш идеясының мақсаты қандай болды?
5. Қандай Алаш қайраткерлерінің еңбектерімен таныссыз? Не туралы?

[10]

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
1	А	1	5
2	а) энергияның баламалы түрлерін/ Күн мен желдің энергиясын; ә) мұнай мен көмірге/басқа да пайдалы қазбаларға; б) шағын су электр стансасын	1 1 1	
3	Асады немесе аспайды, себебі... деп ұстанымын түсіндіретін жауаптар қабылданады.	1	

Оқылым

Ескерту: оқушы бір ғана ерекшелігін, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаса да жеткілікті. Жауап парағынан тыс дұрыс жауаптар да ескеріледі. Грамматикалық қатесі үшін балл алынбайды.

А мәтіні	Ә мәтіні	
Стилі, себебі ...		
Публицистикалық стиль, себебі қоғамдағы маңызды мәселе сөз болуда; экспрессивті, екпінді; тыңдаушыларды осы мәселеге араласуға жетелейтіндей болып құрылған.	Көркем әдебиет стилі, себебі адамның көңіл күйін, сезімін оятады, көркемдік тәрбие береді, сөз мәдениетін ұштайды, образды беріледі.	[2]
Жанры, себебі ...		
Баяндама, себебі автор белгілі бір тақырып төңірегінде ізденіп, тексерілген, зерттелген ақпаратты мақсатты аудиторияға жеткізеді.	Өлең, себебі лирикалық кейіпкердің сезімін, ойын өлең шумақтары арқылы жеткізеді және ұйқас шумақтары арқылы құрылады.	[1]
Ұқсастығы		
1. Тақырыбында, екеуі де Алаш қайраткерлері туралы; 2. Екі мәтінде де мақтау, мадақтау, құрметтеу айқын көрініс табады; 3. Екеуінде де танымал тұлғалар есімдері аталады; 4. Екеуінің де авторлары бар, т.б.		[1]
Айырмашылығы		
Қара сөз түрінде берілген; Тек А.Байтұрсыновқа арналады; т.б	Өлең түрінде берілген; Әлихан, Мұстафа, Ахмет, Міржақыптарға арналады; т.б.	[1]
Барлық балл саны:		5

Жазылым

Балл	Мазмұны мен дұрыс жазылуы (5 балл)	Тілі (5 балл)
5	<p>Өте жақсы Жауап толық, нақты негізделген және өте жақсы суреттелген, қарапайым және күрделі идеяларды тиімді ашады. Жазба жұмысының құрылымы мен жазылуы жоғары деңгейде, негізгі және қорытынды бөлімдері нақты жазылған, келтірілген аргументтері байланысқан және мазмұнын ашады.</p>	<p>Өте жақсы Сабақтас құрмалас сөйлемдерді дұрыс және сәйкес келтіріп жазған, сөздік қоры мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Нақты және жүйелі, елеусіз қателері бар.</p>
4	<p>Жақсы Көптеген түрлі мысалдар мен сілтемелерді қолданған жауап, қарапайым және кейбір күрделі идеяларды ашады. Жазба жұмысының логикалық дамуы жақсы, аргументтерді қолдануы мен қорытынды жасау қабілеті көрінеді.</p>	<p>Жақсы Грамматикалық формаларды көбіне сәйкесінше жақсы қолданады. Түрлі лексикалық минимумды қолдануға тырысады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Жалпы нақты, елеусіз қателері ақпарат беруге кедергі келтірмейді.</p>
3	<p>Қанағаттанарлық Жауапта бірнеше мысалдар келтірілген, бірақ барлық жағдайда негізді емес, қарапайым идеяларды ашқанымен, суреттеуі аз. Жазба жұмысы дұрыс жазылған, бірақ кей кезде аргументтері логикалық жағынан дамытылмаған.</p>	<p>Қанағаттанарлық Қарапайым грамматикалық формалар мен күнделікті лексикалық минимумды қолданады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы көп жағдайда дұрыс. Көбіне нақты, қателері бар, бірақ ақпарат беруге кедергі келтірмейді.</p>
2	<p>Төмен Негізгі тақырыпты ашуға тырысады, бірақ көптеген қателер мен сәйкессіздіктер бар, тек қарапайым идеяларды ашады. Жазба жұмысының құрылымы шектеулі, аргументтері дамымаған.</p>	<p>Төмен Сөздік қоры шектеулі, жай сөйлемдерді қолданады, қайталаулар көп, сөздік қоры мен стильдік қолданысы жеткіліксіз. Орфография мен негізгі грамматикалық формалар қате қолданылған, мағынасы кейде түсініксіз.</p>
1	<p>Өте төмен Жауап түсініксіз, тақырыпқа байланысты сілтемелер аз, сұраққа жауап бермейді. Жазба жұмысының құрылымы сақталмаған және аргументтерді қолдануы төмен деңгейде, идеялары жүйесіз.</p>	<p>Өте төмен Тек қарапайым сөйлемдер мен шектеулі сөздік қорды қолданады, көп құрылымдары аяқталмаған және қате. Көптеген қателіктер кетірген, түсінуге қиындық келтіреді.</p>
0	Жауап жоқ.	Жауап жоқ.

Айтылым

Балл	Негізгі ойды ашуы (5 балл)	Сөз қолданысы (5 балл)
5	Күрделі идеялар мен тұжырымдамаларды өте жақсы түсіндіреді және ашады. Өз көзқарасын жүйелі және нақты дәлелдермен көрсетеді. Қажетті ақпаратқа дұрыс талдау жасайды және бағалайды.	Жауабы нақты және орынды. Кездейсоқ немесе кішігірім қателер кездеседі. Кішігірім қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
4	Күрделі идеялар мен тұжырымдамаларды нақты тауып ашады және түсіндіреді. Өз көзқарасын көбіне жақсы дәлелдермен келтіреді. Қажетті ақпаратты жалпы алғанда талдайды және бағалайды.	Жауабы көбіне нақты, тіл қолданысында кездейсоқ қателіктер кетіреді. Қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
3	Қарапайым идеяларды ашады және түсіндіреді. Өз көзқарасын дәлелдеуге негіз шамалы. Қажетті ақпаратты талдау мен бағалауы қанағатсыз.	Жауабы нақты, тіл қолданысында қателер кетіреді. Жалпы қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
2	Қарапайым ойларды түсіндіреді, негізгі ойды ашуы шектеулі. Өз көзқарасын бірнеше дәлелмен немесе дәлелсіз жеткізеді. Қажетті ақпаратты талдауға және бағалауға тырысады, бірақ көбіне сәтсіз.	Қарапайым сөз қолданысында анық қателіктер кетіреді. Қателіктер түсінуге біршама кедергі келтіреді.
1	Өте аз ой жеткізеді, түсініксіз немесе негізгі ойлар ашылмаған. Тек негізгі ақпаратты береді. Көбіне ақпарат қажетсіз.	Жиі қате кетіреді. Қателер түсінуге кедергі келтіреді.
0	Идеясын, ойын жеткізе алмайды.	Сөз қолданысы сәйкес емес.

4-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

4-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 10 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 3 минут беріледі).

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері:

КТБ – көп таңдауды қажет ететін сұрақтар

ҚЖ – қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

ТЖ – толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орындау уақыты, мин	Балл
1	9.1.2.1 тыңдалған	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 200-250 сөзден тұратын мәтінді 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында мазмұнды түсінуге бағытталған бірінші тапсырмада үш дұрыс жауапты таңдап алады, ал екінші және төртінші тапсырмаларда оқушы ашық сұрақтарға жауап жазады және бесінші тапсырмада тұжырымдардың шындалғанын анықтайды.	Көп таңдауды бар сұрақтар Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	1	1
2	мәтіннің негізгі			1	1
3	мазмұнын түсіну,			3	1
4	ақпараттың			3	1
5	шынайылығы мен нақтылығын анықтау.			2	1
6	9.3.6.1 мәтінде	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 200-250 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Бірінші сұрақта оқушы астарлы ойды анықтайды; екінші сұрақта мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық тұрғыдан қарастырып, сыни тұрғыдан	Толық жауапты қажет ететін сұрақтар	3	1
7	көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;			4	2
8	9.3.1.1 мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау.			Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	3

		баға береді. Ал үшінші сұрақта алты тұжырымнан мәтін бойынша сәйкес келетін екі дұрыс қорытындыны анықтайды.	Көп таңдауы бар сұрақтар		
9	9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала жазу; 9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу; 9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, аннотация, нұсқаулық жазу; 9.5.2.1 жазба жұмыстарында (себеп бағыныңқы, қимыл-сын бағыныңқы, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген үш сұрақтың (шағын мақала, аргументативті эссе, нұсқаулық) бірін таңдап, жазба жұмысын орындайды. Мұғалім оқушының жазба жұмысында стильді сақтауын, қосымшаларды дұрыс жалғауын, сөйлем соңындағы тыныс белгілерді орынды қолдануын бағалайды. Сондай-ақ бағалауда оқушының себеп бағыныңқы, қимыл-сын бағыныңқы, мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдерді орынды қолдануы ескеріледі.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20	10
10	9.2.5.1 сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу; 9.2.4.1 шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау; 9.2.2.1 коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу.	Тапсырма жұпта орындалады. Екі оқушыға бөлімдерге қатысты ортақ тақырып беріледі (тақырып жазылған қағаздар теріс қаратылады). Жұптағы оқушылар берілген тақырып бойынша 6 минут диалогке түседі (әр оқушы диалогте 8-11 сөйлем айтуы керек). Мұғалім оқушының берілген тақырыпты түсініп, соған қатысты жұбына сұрақтар қоюын, сұрақтарға лайық жауап беруін бағалайды. Екі оқушының балы бір-біріне тәуелді емес.	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Айтылым сабақтан тыс тексерілді, әр білім алушыға 3 минут беріледі.	10
	Барлығы			40	30

«Қазақ тілі мен әдебиеті Т2» пәнінен 4-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

**Тыңдалым
Транскрипт**

Демографиялық даму ұғымына халық санының артуы ғана емес, урбандалу, босқындар проблемасы және ұлттар арасындағы қарым-қатынастар сияқты түрлі мәселелер енеді. Сондықтан ғаламдық демографиялық проблеманы демография, экономика және саясаттың байланыстары тұрғысынан қарастыру қажет. Жер үшін ең үлкен проблема – тез өсіп келе жатқан халық саны. Осы процесті азайту үшін жасалған көптеген әртүрлі әрекеттер іске аспай жатыр. Қазіргі таңда Африка, Азия, Оңтүстік Америка елдерінде «демографиялық жарылыс» орын алуда. Абсолюттік саны бойынша ең үлкен өсімді ірі азиялық елдер – Қытай, Үндістан, Индонезия көрсетіп отыр. Ал ең жоғары өсу жылдамдығы Африка мен Латын Америкасында байқалады.

Демография – халықтың құрылымын, құрамын, динамикасы мен көбеюін зерттейтін ғылым. Экологиялық демография – демографияның жаңа бағыты. Ол адамның мекен ету ортасы мен демографиялық процестердің байланысын зерттейді.

Алайда эпидемиялар мен аштық салдарынан адам саны кеміген жағдайлар да орын алды. Ал ХХ ғасырда адам санының азаюына гигиеналық және медициналық жағдайлардың жақсаруы әсер етті. Оған Шығыс және Оңтүстік Еуропа, Австралия, Жаңа Зеландия, Жапония елдері дәлел.

Қала – табиғи ортадан өзгеше, көптеген параметрлері бойынша экстремальді орта. Қалада өмір сүру адамның денсаулығына, демографиялық жағдайға ықпал етеді. Себебі қалада уақыт жетіспейді, ақпарат көп, дұрыс тамақтанбайды.

1-2. Мәтін бойынша 2 дұрыс жауапты анықтаңыз.

Демография

- | |
|--|
| A. қаланың табиғи ерекшеліктерін зерттейді. |
| B. тұрғындардың денсаулықтарын қарастырады. |
| C. урбандалуды, босқындар мәселесін зерттейді. |
| D. халықтың құрамын, динамикасын зерттейді. |
| E. халықтың мәдениетін, тұрмысын қарастырады. |

[2]

3-4. Сұрақтарға қысқа жауап беріңіз.

Африка, Азия, Оңтүстік Америка елдерінде қазіргі уақытта қандай жағдай туындауда?

(1) _____

Ең үлкен өсімді көрсеткен азиялық елдер қандай?

(2) _____

[2]

5. Перифраздалған сөйлемдердің дұрыс («+»)/ бұрысын («-») анықтаңыз.

	Тұжырымды сөйлемдер	«+»/«-»
A	Қалада өмір сүру адам саулығына әсер етеді.	
B	Адам санының күрт кемуінен «демографиялық жарылыс» орын алуда.	

[1]

Оқылым

Қазақстанда демалу неге тиімсіз?

Анекдоттан бастайық.

Дубай. Бес жұлдызды қонақ үй. Қазақстаннан келген екі жолдас кездесіп қалады. Бір-бірін жарылқаған кейіпте хал сұрасқан екеудің пысықтау келгені: «Бурабайда демалатын ақшаң болмады ма?...» – дейді...

Бұл анекдоттан біз шындықты ғана көре аламыз. «Бурабайдағы» белгілі қонақ үйлердің бірінде түнеу үшін кемінде 55 мың теңгеге шығындаласыз. Ал Түркиядағы қымбат қонақ үйде 1 күн өткізу үшін 38 мың теңгеңіз болса жеткілікті. Айырмашылықты анық байқап отырған болуыңыз керек.

Жай ғана кіріс туризмінің классикалық есебін шығарайықшы: Бір шетелдік турист елге күніне 100 доллар шамасында кіріс алып келеді. Ішкі туризмнен де пайда айтарлықтай көп және ішкі туризм сыртқыға қарағанда халық үшін тиімді һәм қауіпсіз.

Иә, бұл – екі маңызды артықшылық. Бірақ неге ел тұрғындары өзіміздің Швейцариямыз – Бурабайға, болмаса өзге де көрікті жерлерге бармай, турагенттіктердің табалдырығын тоздырып, Түркия мен Қытайға жолдама алуға асығады? Айтпақшы, Бурабай ел орталығы Астанадан тым алыс жатқан жоқ. Сол себепті курортқа дейін керемет жол тартылған. Бірақ...

Елдегі туристік орындар туралы мағлұматтарды біз алдымен интернеттен іздей бастаймыз. Міне, олқылығымыз да, кемшілігіміз де осы жерден байқалады. Айтыңызшы, отандық демалыс орындары туралы толық әрі сапалы ақпарат беретін сайтты кездестірдіңіз бе?

Сервистік қызмет, қонақ үй бизнесі туризм саласымен тығыз байланыста. Сондықтан олардың проблемалары да бір: қымбат бағаға нашар қызмет көрсету, кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі, т.б. Қазақстандық туристік ұйымдар қауымдастығының өкілі Айдар Кенжеғұловтың пікірінше, қызмет көрсету деңгейі ғана төмен емес, бізде туризммен байланысты кәсіпкерлік жұмыстар да дұрыс жолға қойылмаған...

6. Сұраққа қысқа жауап беріңіз.

«Бурабайда демалатын ақшаң болмады ма?» деген әзілдің мағынасын қалай түсінесіз?

[1]

7. Мәтін бойынша шетел мен Қазақстан туризмін салыстырыңыз.

Қазақстан туризмі	Шетел туризмі

[2]

8. Отандық туризмнің дамуына не кедергі? Мәтін бойынша екі дұрыс жауапты анықтап, қанат белгісін (✓) қойыңыз.

A	білікті мамандардың аздығы	
B	ел брендтері дамымаған	
C	заңда толық қарастырылмаған	
D	Қазақстан жолдары нашар	
I	маркетинг жетілдірілмеген	
F	сапалы жарнама жоқ	

[2]

Жазылым

Берілген үш сұрақтың қайсысын таңдайтыныңызды көрсетіп, тиісті шаршыға қанат белгісін (✓) қойыңыз. Жазба жұмыстарында себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолданыңыз.

[10]

1

2

3

1. Жаһандық мәселе: демография

Сіз география пәні бойынша еліміздің демографиялық жағдайын зерттеп жүрсіз. Осы зерттеуіңіз туралы шағын мақала жазыңыз.

2. Роботтар мен киборгтер әлемі

Оқушылар арасындағы мектепшілік олимпиадада «Сіздің ойыңызша, болашақта адам еңбегін роботтар толықтай алмастыра алады ма?» тақырыбында эссе жазу тапсырылды. Берілген тақырыпта аргументативті эссе жазыңыз.

3. Қазақстандық туризм және экотуризм

Туристік кітапшаға арнап өзіңіз тұратын қала немесе аймақ туралы нұсқаулық мәтінін жазыңыз. Аймақ туралы барынша толық ақпарат беріп, туристерді қызықтыруға тырысыңыз.

Айтылым

Бір тақырыпқа таңдау жасап, сол тақырып бойынша жұбыңызбен диалогке түсіңіз (8-11 сөйлем).

[10]

Ұсынылатын тақырыптар:

1. Демографиялық жарылыс дегеніміз не?
2. Демографияны не себептен жаһандық мәселе дейміз?
3. Роботтар адам өмірін қаншалықты жеңілдетеді?
4. Роботтардың қандай кемшіліктері мен артықшылықтары бар?
5. Экотуризм дегеніміз не? Қазақстанда экотуризмді дамытудың мүмкіндігі бар ма?

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
1-2	C D	1 1	5
3-4	(1) «демографиялық жарылыс»/ жоғары өсу жылдамдығы (2) Қытай, Үндістан, Индонезия	1 1	
5	A – шын; B – жалған.	1	

Оқылым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
6	Қазақстанда/ Бурабайда демалу қымбатқа түседі.	1	5
7	Бурабайда түнеу 55 мың теңге. Түркияда түнеу 38 мың теңге.	2	
8	A, F	2	

Жазылым

Балл	Мазмұны мен дұрыс жазылуы (5 балл)	Тілі (5 балл)
5	Өте жақсы Жауап толық, нақты негізделген және өте жақсы суреттелген, қарапайым және күрделі идеяларды тиімді ашады. Жазба жұмысының құрылымы мен жазылуы жоғары деңгейде, негізгі және қорытынды бөлімдері нақты жазылған, келтірілген аргументтері байланысқан және мазмұнын ашады.	Өте жақсы Сабақтас құрмалас сөйлемдерді дұрыс және сәйкес келтіріп жазған, сөздік қоры мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Нақты және жүйелі, елеусіз қателері бар.
4	Жақсы Көптеген түрлі мысалдар мен сілтемелерді қолданған жауап, қарапайым және кейбір күрделі идеяларды ашады. Жазба жұмысының логикалық дамуы жақсы, аргументтерді қолдануы мен қорытынды жасау қабілеті көрінеді.	Жақсы Грамматикалық формаларды көбіне сәйкесінше жақсы қолданады. Түрлі лексикалық минимумды қолдануға тырысады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Жалпы нақты, елеусіз қателері ақпарат беруге кедергі келтірмейді.
3	Қанағаттанарлық Жауапта бірнеше мысалдар келтірілген, бірақ барлық жағдайда негізді емес, қарапайым идеяларды ашқанымен, суреттеуі аз. Жазба жұмысы дұрыс жазылған, бірақ	Қанағаттанарлық Қарапайым грамматикалық формалар мен күнделікті лексикалық минимумды қолданады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы көп жағдайда дұрыс. Көбіне нақты, қателері бар, бірақ ақпарат

	кей кезде аргументтері логикалык жағынан дамытылмаған.	беруге кедергі келтірмейді.
2	Төмен Негізгі тақырыпты ашуға тырысады, бірақ көптеген қателер мен сәйкессіздіктер бар, тек қарапайым идеяларды ашады. Жазба жұмысының құрылымы шектеулі, аргументтері дамымаған.	Төмен Сөздік қоры шектеулі, жай сөйлемдерді қолданады, қайталаулар көп, сөздік қоры мен стильдік қолданысы жеткіліксіз. Орфография мен негізгі грамматикалық формалар қате қолданылған, мағынасы кейде түсініксіз.
1	Өте төмен Жауап түсініксіз, тақырыпқа байланысты сілтемелер аз, сұраққа жауап бермейді. Жазба жұмысының құрылымы сақталмаған және аргументтерді қолдануы төмен деңгейде, идеялары жүйесіз.	Өте төмен Тек қарапайым сөйлемдер мен шектеулі сөздік қорды қолданады, көп құрылымдары аяқталмаған және қате. Көптеген қателіктер кетірген, түсінуге қиындық келтіреді.
0	Жауап жоқ.	Жауап жоқ.

Айтылым

Балл	Негізгі ойды ашуы (5 балл)	Сөз қолданысы (5 балл)
5	Күрделі идеялар мен тұжырымдамаларды өте жақсы түсіндіреді және ашады. Өз көзқарасын жүйелі және нақты дәлелдермен көрсетеді. Қажетті ақпаратқа дұрыс талдау жасайды және бағалайды.	Жауабы нақты және орынды. Кездейсоқ немесе кішігірім қателер кездеседі. Кішігірім қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
4	Күрделі идеялар мен тұжырымдамаларды нақты тауып ашады және түсіндіреді. Өз көзқарасын көбіне жақсы дәлелдермен келтіреді. Қажетті ақпаратты жалпы алғанда талдайды және бағалайды.	Жауабы көбіне нақты, тіл қолданысында кездейсоқ қателіктер кетіреді. Қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
3	Қарапайым идеяларды ашады және түсіндіреді. Өз көзқарасын дәлелдеуге негіз шамалы. Қажетті ақпаратты талдау мен бағалауы қанағатсыз.	Жауабы нақты, тіл қолданысында қателер кетіреді. Жалпы қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
2	Қарапайым ойларды түсіндіреді, негізгі ойды ашуы шектеулі. Өз көзқарасын бірнеше дәлелмен немесе дәлелсіз жеткізеді. Қажетті ақпаратты талдауға және бағалауға тырысады, бірақ көбіне сәтсіз.	Қарапайым сөз қолданысында анық қателіктер кетіреді. Қателіктер түсінуге біршама кедергі келтіреді.

1	Өте аз ой жеткізеді, түсініксіз немесе негізгі ойлар ашылмаған. Тек негізгі ақпаратты береді. Көбіне ақпарат қажетсіз.	Жиі қате кетіреді. Қателер түсінуге кедергі келтіреді.
0	Идеясын, ойын жеткізе алмайды.	Сөз қолданысы сәйкес емес.